

Қамқоршылық кеңес төрағасы  
Төлешова Ардақ Сүйесінқызы

Бекітілсін  
«Жолшы» бөбекжай-бақшасы»  
меңгерушісі:  
А.Мырзағалиева



«Жолшы» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 жоспар

№	Іс шара тақырыптары	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты	Аяқталу формасы
<b>2. Қамқоршылық кеңесінің отырысы</b>				
1.	<b>№1 отырыс:</b> 1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2. «Алтын күз» ертеңгіліктерін ұйымдастыруға ата-аналардың рөлі.	қыркүйек	Кеңес төрағасы, МДҰ меңгерушісі кеңес мүшелері, меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	Жоспар, хаттама,
2.	<b>№2 отырыс:</b> 1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау 2. Балабақшада жүргізілетін науқастандудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу	желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, МДҰ меңгерушісі, әдіскер, мед. бике	шешім, хаттама
3.	<b>№3 отырыс:</b> 1. Наурыз мерекесіне дайындық, ұйымдастыру, өткізу.	наурыз	МДҰ меңгерушісі, әдіскер Қамқоршылық кеңестің төрағасы	Шешім хаттама
4.	<b>№4 отырыс:</b> 1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы. 2. Балабақша ауласын абаттандыру жұмыстары.	мамыр	МДҰ меңгерушісі, Қамқоршылық кеңестің төрағасы, меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	Шешім хаттама

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК

Бұйрық №10

Ойыл ауданы

10.10.2024ж.

**«Қамқоршылық кеңес құрамын құру»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген /өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023жылғы №56/«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне және «Ойыл ауданы білім бөлімі» ММ 03.10.2024жылғы №562 бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

«Жолшы»бөбекжай-балабақшасында қамқоршылық кеңесінің құрамы сайлансын:

**Қамқоршылық кеңес төрайымы:**

1.Төлешова Ардақ Сүйесінқызы «Ойыл аграрлық колледжінің пән мұғалімі

**Мүшелері:**

Тілектесов Жасұлан Тұрланұлы Ойыл аудандық білім бөлімінің заңгері

Акконисов Елдос Манарбекович «Елдос»шаруа қожалығының басшысы

Дүсіпова Гүлнұр Тлеугалиевна Ойыл аудандық маслиахатының аппарат жетекшісі

Жангабулова Айгуль Бериковна Жеке кәсіпкер

Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы Ойыл аудандық полиция бөлімінің ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы

Асанғалиева Айнара Серикбаевна ПМПК-да музыка жетекшісі

Хатшы: Жоламанова Салтанат Болатовна «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК әдіскері

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»м.м уақытша атқарушы С.Жоламанова



**«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**  
**2024-2025 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің**  
**мүшелері туралы мәлімет.**

№	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің аты-жөні	Жеке куәлік	Мүшесі	Қызмет орны	Мекен жайы
1	Төлешова Ардак Сүйесінқызы	ҚР ішкі істер МИН. 052390524	Қамқоршылық кеңесі төрайымы	Ойыл аграрлық колледжінің пән мұғалімі	Ойыл селосы, Оноприенко көшесі №13
2	Дүсіпова Гүлнұр Тлеугалиевна	ҚР ішкі істер МИН. 019062186	Төрайымның орынбасары	Ойыл аудандық маслихатының аппарат басшысы	Ойыл селосы, Масатов көшесі №3
3	Акконисов Елдос Манарбекович	ҚР ішкі істер МИН. 056784420	Мүшесі	«Елдос» шаруа қожалығының басшысы	Ойыл селосы, Екібаев көшесі №1
4	Тлектесов Жасұлан Тұрланұлы	ҚР ішкі істер МИН. 051230486	Мүшесі	Аудандық білім бөлімінің заңгері	Ойыл селосы, Берсиев көшесі №3
5	Жангабулова Айгуль Бериковна	ҚР ішкі істер МИН. 050552308	Мүшесі	Жеке кәсіпкер	Ойыл селосы, Дүсіпов көшесі №10
6	Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы	ҚР ішкі істер МИН. 036085306	Мүшесі	Ойыл аудандық ПБ ЖПББ УПИ полиция капитаны	Ойыл селосы, Қарағұлов көшесі №41
7	Асанғалиева Айнара Серикбаевна	ҚР ішкі істер МИН. 037837102	Мүшесі	ПМПК музыка жетекшісі	Ойыл селосы, Қлипанов көшесі №5

**«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» меңгерушісі:**

**Хатшы:**



**А.Мырзағалиева**

**С.Жоламанова**

Ойыл ауданы.

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 1 хаттамасы

Қатысқандар: 11

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
- 2 «Алтын күз» ертеңгіліктерін ұйымдастыруға ата-аналардың рөлі.

Тыңдалды:

**Бірінші мәселе** бойынша, қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Төлешова Ардақ Сүйесінқызы қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. Келесі отырыста балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзете-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

**Екінші мәселе** бойынша, әдіскер С.Б. Жоламанова: «Алтын күз» мерекелік ертеңгіліктерін өткізу мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелік-білім беру жұмысының маңызды бөлігі екендігін атап өтті. Мерекелік іс-шаралар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға және ұжымдық қарыс-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар мерекені сапалы ұйымдастыруда ата-аналардың белсенді қатысуының маңызы түсіндірілді. Ата-аналар тарапынан костюм дайындау, көрме көрсету, балаларды психологиялық қолдау және іс-шараларға қатысты балалардың қызығушылығын арттыратыны айтылды.

Төлешова .А.С. мерекені бірлесіп өткізу ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты күшейтетінін атап өтті.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:**

1.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

2.«Алтын күз» ертеңгіліктерін ұйымдастыруға ата-аналарды белсенді түрде тарту.

3.Әр топта ата-аналар комитетімен бірлескен дайындық жоспары бекітілсін.

4.Іс-шара барысында қауіпсіздік және санитарлық талаптардың сақталуы топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы



Төлешова.А.С.

хатшы

В.А.Кадирова

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 2 хаттамасы

Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

**Бірінші мәселе** бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике Ж.Н.Казбекова бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты. **Екінші мәселе** бойынша, балабақша медбикесі Ж.Н.Казбекова балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Сондай-ақ жиі ауыратын балаларға дәрігердің тағайындауы бойынша физиотерапия жүргізілетінін де ескертті. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді: Асанғалиева Айнара Серикбаевна балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын, - деді. Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы А.С.Төлешова қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:**

Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;

Балабақшада тәрбиеленушілердің науқастануын алдын алу және сауықтыру шаралары жеткілікті ұйымдастырылған деп есептелсін;

Қамқоршылық Кеңес төрағасы \_\_\_\_\_ А.С.Төлешова

хатшы

\_\_\_\_\_ В.А.Кадирова

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 3 хаттамасы

Қатысқаны: 12

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:

1.Наурыз мерекесіне дайындық,ұйымдастыру,өткізу.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінде қаралатын сұрақ бойын Балабақша меңгерушісі

м.у.а.С.Б.Жоламанова: Наурыз мерекесінің тәрбиелік маңызы туралы айтып, ұлттық құндылықтарды насихаттау, балаларға салт-дәстүрлерді таныстыру, ата-аналарды балабақша өміріне тарту қажеттілігін атап өтті.

Музыка жетекшісі А.С.Жаңабаева мерекелік іс-шараның сценарийі, топтардың дайындығы, безендіру жұмыстары және қауіпсіздік шаралары жөнінде ақпарат берді.

Қамқоршылық кеңес төрағасы А.С.Төлешова :ата-аналардың қатысуы, ұлттық тағамдар дайындау, көрме ұйымдастыру, ұлттық тағамдар дайындау, көрме ұйымдастыру, ұлттық киімдер әзірлеу бойынша ұсыныстар айтты.

Сөйлегендер:

- Қамқоршылық кеңес мүшелері: Асанғалиева Айнара Серикбаевна - мерекелік алаңды безендіруге көмектесу;

Акконисов Елдос Манарбекович - демеушілік көмек көрсету, қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз ету;

Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы - ұлттық ойындар ұйымдастыру туралы ұсыныс білдірді.

**Қаулы етілді:**

1.Наурыз мерекесін 2025ж.«20» наурыз күні балабақша музыка залында өткізу.

2.Әр топқа мерекелік безендіру жұмыстарын ұйымдастыру және ұлттық бұрыштар дайындау тапсырылсын.

3.Тәрбиешілерге:

- Мерекелік сценарийді әзірлеу;
- Балаларға ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету;
- Ұлттық ойындарды өткізу тапсырылсын.

4.Ата-аналар комитетіне:

Ұлттық тағамдар көрмесін(Наурыз көже, бауырсақ және т.б)ұйымдастыру;

- Балаларға ұлттық киімдер дайындауға көмек көрсету;
- Мерекелік шараға белсенді қатысу қамтамасыз етілсін.

5.Қамқоршылық кеңес мүшелері мерекені өткізуге қажетті демеушілік және ұйымдастырушылық көмек көрсетсін.

балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

7.Іс-шараның фото-бейне есебі жасалып, балабақашның әлеуметтік желі паракшасына орналастырылсын.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы



А.С.Төлешова

хатшы

В.А.Кадирова

Ойыл ауданы.

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 4 хаттамасы

Қатысқаны: 12

**Күн тәртібі:**

- 1.2024-2025 оқу жылының қорытындысы.
- 2.Бөбекжай-балабақшасының ауласын абаттандыру жұмыстарын жүргізу.

**Тыңдалды:**

**Бірінші сұрақ** бойынша:Меңгеруші А.Мырзағалиева 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша есеп берді.

Есеп барысында:

- Оқу-тәрбие жұмыстарының орындалуы;
- Балалардың қатысу көрсеткіші мен даму нәтижелері;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру;
- Өткізілген іс-шаралар,мерекелік ертеңгіліктер;
- Ата-аналармен жүргізілген жұмыс туралы ақпарат берілді.

Оқу жылы жоспарға сәйкес аяқталғаны,тәрбиеленушілердің білім,дағды,әлеуметтік бейімделу көрсеткіштері оң нәтиже көрсеткені атап өтілді.

**Сөз сөйлегендер:**

Қамқоршылық кеңес төрағасы А.С.Төлешова „ата-аналар өкілі Жангабулова Айгуль Бериковна. оқу жылының жұмысына оң баға беріп,ұжымға алғыс білдірді.

**Қаулы етті:**

- 1.2024-2025 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.Педагогикалық ұжымның жұмысы оң бағалансын.
- 3.Келесі қу жылына оқу-тәрбие сапасын арттыру бойынша ұсыныстар енгізілісін.

**Екінші сұрақ** бойынша

Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Н.Б.Курманғалиева ұйым ауласына абаттандыру қажеттілігі туралы баяндады.Аулада балалардың қауіпсіз ойнауына жағдай жасау, көгалдандыру,ойын алаңдарындағы құрылған модульдерді күтіп ұстау,құмсалғыштарға жаңа құм керек екенін айтты.

**Ұсыныстар:**

- Ата-аналардың ерікті көмегімен сенбілік ұйымдастыру;
- Ағаш,гүл көшеттерін отырғызу;
- Ойын құрылғыларын жөндеу және сырлау;
- Құм ауыстыру және аумақты санитарлық тазалау.

- 1.2025 жылдың мамыр айында жалпы сенбілік ұйымдастырылсын.
- 2.Аула аумағын көгалдандыру,сырлау,тазалау жұмыстары жүргізілсін.
- 3.Ата-аналар қауымдастығымен бірлесіп ерікті түрде көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын.
- 4.Жауапты тұлға болып Н.Б.Курманғалиева тағайындалсын.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы



А.С.Төлешова

хатшы

В.А.Кадирова